



# АБАЙ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

**Бердіқұл Еркенұр Айбарұлы**
**Жет: Мейірманова Қарлығаш Өмірсеріkқызы**
*Түркістан облысы, Созақ ауданы*
*М.Маметова атындағы жалпы орта мектебі*
*6 «а» сынып*

**Абай – дана, Абай – дара қазақта**

**Рухани жаңғырудың негізі Абайдан бастау алады. Рухани жаңғыру деген - тіл, рухани жаңғыру деген – Абай, рухани жаңғыру деген – Алаш.**

Ойшыл Абай халқының мүшкіл халін ойлап, өткір сөзімен сол қауіптен құтылар сара жолды көрсетті. Яғни, Абай рухани білімді әлем заңдылықтарының негізгі қайнар көзі ретінде ұсынды. Ендеше, кемеңгерді кеңірек тану, оның жүрегіне терең бойлау – қазақ баласы үшін рухани тәрбиемен сусындаудың негізгі жолы. Абай шығармаларын қайта оқып, оны түсінуге талпыну – рухани жаңғыруға апарар анық жол болмақ.

Жамбыл Жабаевтың «Абайдың суреті»

Мынау тұрған Абайдың суреті ме?
Өлең, сөздің ұқсаған құдіретіне.
Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған,
Қарсы келер Абайдың кім бетіне!

Ақын атын тараткан әрбір тұсқа,
Соңғыларға қалдырған үлгі–нұсқа.
Арғын, найман сөзіне таңырқаған–
Қандай арман бар дейсің бұл туыста.

Абай – ұлы данышпан, қазақтың ақылшысы, ұстазы, досы, халқымыздың тірегі, сенімі, арымыздың әділ таразысы. Абайдың:

Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла… дегендегі жұмбағы осыны білдіретін сияқты. Абайдың бұл жұмбағын түсіне талпыну, батыл көзді, ақылды, қайратты, жүректі бірдей ұстаған дарынды тану, ол әркімнің қолынан келе бермейтін дүние.

«Отыз сегізінші сөзінде», Абай: «Хакім, ғалым асылда бір сөз, бірақ дүние тануда басқаланады», дейді. Яғни, ол басқалану Абайдың түсінігінде бұрыннан айтылып келе жатқан қағидалы өсиет (нақыл) сөзге жүйріктер ғана ғалым аталады.

Абай: «Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз…
Ақыл сенбей сенбеңіз, бір іске кез келсеңіз…
Надандарға бой бермей, шын сөзбенен өлсеңіз», дейді. Абайдың ең басты жұмбағының шешуі ізденушілік, зертеушілік, ол хакімдік, данышпандық-философиялық жол. Ол даму жолы, ол ғылым жолы… . Абайдың өзімен сөзі бір жерден шығады. Абайдың даналығы осында.

Халықтың камын ойлаған Абай алдымен бірлікке, достыққа шақырады:

«Біріңді қазақ бірің дос,
Көрмесең істің бәрі бос».

Осы ұстаздық жолынан Абай жалықпай өтті.

Абай — қазақ халқының ұлы ұстазы. Ол халқымыздың қамын ойлаған қамқоршысы. Барлық адамзат баласына әділетті жол көрсеткен, өмірден шындық іздеген дана. Халқымыздың басынан кешкен жақсы-жаман тағдыры Абай жырынан орын алған. Халқымыздың тілі де, өнері де, тарихы да, діні де, ғылымы да тіршілік-қарекеті де, ойы да, бойы да Абай жырынан көз алдымызға келеді, елестейді.

1-сыныпқа арналған оқулықта «Адам болам десеңіз» деген тарау бар. Осы тарау ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин, ғалым-саяхатшы Ш.Уәлиханов және ұлы ақын А.Құнанбайұлының шығармашылықтарына арналған.

Мектеп салдырып, балаларды оқытуға кіріссем, білімге жетелесем деген тілегін білдіреді.

«Адам болам десеңіз» өлені:

Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғалым кім берер,
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз?
Дүние де өзі, мал өзі,
Ғылымға көңіл берсеңіз.

-деп, жас ұрпаққа үндеу салады. Білімді болуға, ғылымға жақын болуға шақырады.

Сонымен қатар, 2-сыныпқа арналған «Әдебиеттік оқу» оқулығында «Білім керек бәріне» тарауында ақынның «Күз» және «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдерінің нұсқалары берілген. Абайдың тәрбиеге толы сөздерінің мәні күні бүгінге дейін зор.

Соның ішінде Абайдың жастарға арналған «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен үзінді берілген, бұл өлең нағыз тәрбиенің үлгісін көрсетеді:

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,